



БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

«FOOD SOLUTIONS KZ» КОМПАНИЯСЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АЛҒЫС РЕТІНДЕ МЕЙРАМХАНАЛАРДЫҢ АТЫН ӨЗГЕРТТІ

«Food Solutions KZ» жедел қызмет көрсету мейрамханаларының атауын өзгерту бойынша ауқымды науқан компания қызметкерлеріне арналған. Осы науқан аясында Қазақстанның барлық қалаларындағы мейрамханалар желісінің маңдайшалары жаңасына өзгертілді

Алматы, Қазақстан. 21 тамыз, 2023 ж. «Food Solutions KZ» басқаратын жылдам қызмет көрсететін мейрамханалар желісі өз қызметкерлерінің құрметіне арналған әсерлі науқан ұсынды. Осылайша компанияда жұмыс істеушілердің әрқайсысының маңыздылығын атап өтті. 16 тамызда «Біз ашықпыз/Мы открыты» мейрамханаларының маңдайшалары адам аттарына өзгертілді: «Мен Араймын», «Мен Аружанмын», «Мен Даниярмын», «Мен Юлиямын» және т.б..

Елдегі ең ірі мейрамханалар желілерінің жұмысын қамтамасыз ететін нақты адамдарды танытатын, қызметкерлердің есімдерімен мекемелердің қасбеттері безендірілді. Осылайша, «Food Solutions KZ» компаниясы өз жұмыс орнына адал болып қалатын және оның өсуі мен беделіне елеулі үлес қосатын өз командасына алғысын және ризашылығын білдіргісі келді.

«Food Solutions KZ» корпоративтік мәдениетіне сәйкес компанияның кодында «Адамдар бірінші орында» деген тұжырымдама бар. Қызметкерлердің негізгі бөлігі бірнеше жыл бойы желіде жұмыс істейді және тек жай қызметкерлерден гөрі маңызды рөл атқарады, ал компания өз кезегінде ыңғайлы және позитивті жұмыс ортасын құру үшін барлық жағдайларды қамтамасыз етуге тырысады. Қазіргі уақытта компанияда бүкіл ел бойынша 1700-ден астам адам жұмыс істейді. «Food Solutions KZ» өзінің талантты және сала мамандарын дамытады, сондай-ақ әрбір қызметкерге әлеуметтік лифт беретін нақты үрдісті ойластырады. Атап айтқанда, орталық кеңсе қызметкерлерінің 40% - дан астамы жылдам қызмет көрсететін мейрамханаларда өз жолын бастады және көптеген менеджерлер директорлар мен басшылар деңгейіне дейін өсіп отырды.

«Food Solutions KZ» ЖШС бас директоры Асет Машанов: *«Компания жұмыс істеген жылдар ішінде әртүрлі қиындықтарға тап болды және барлық қиындықтарды жеңуге және жеңістерді бізбен бірге атап өтуге көмектескен біздің қызметкерлер болды. Олардың көпшілігі құрылған күннен бастап компанияда жұмыс істейді. Біз қызметкерлеріміздің жұмысын бағалаймыз және бұл бастама осының айғағы. Осы идея біздің ең маңызды ингредиентіміз – әрқашан компанияның үлкен атауының артында жасырылған адамдарымызды танытуда болды. Енді біз назардың барлығы соған лайықтыларда болуын қалаймыз! Бұл түрлі атаулары, түрлі көзқарастары, түрлі өмірлері бар, бірақ тағамға деген сүйіспеншілігі бар біртұтас командамызға алғыс. Компаниядан тыс және ішкі өзгерістерге қарамастан, біздің қызметкерлер, серіктестер және жеткізушілер бізбен бірге болып, мейрамханаларымызға барудың сүйікті тәжірибесін ұсынды. Қандай жағдай болмасын, қызметкерлер біз үшін негізгі құндылықтардың бірі болып қала береді және біз олардың компания табысының негізгі ингредиенті екеніне сенеміз. Біз қазір ұзақ уақыт бойы мұқият жұмыс істеп келе жатқан жаңа брендтімізді шығаруға дайындалып жатырмыз. Халықаралық брендтен біз ең жоғары стандарттарды қабылдадық және оларды әлі де ұстанамыз. Бірақ қазір бізде қонақтар мен қызметкерлердің барлық тілектерін ескере отырып, жаңа және креативті нәрсені байқап көруге еркіндік бар».*



Қазіргі уақытта компания жақын арада жарияланатын жаңа брендтің ауқымды шығарылымына дайындалуда. Алдағы айларда Жаңа атаудың тұсаукесері өтеді, онда бүкіл ел бойынша «Food Solutions KZ» жылдам қызмет көрсететін мейрамханалар жұмыс істейтін болады. Айта кету керек, ағымдағы жылдың қаңтар айында біздің мейрамханалар ашылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін «Food Solutions KZ» басқаруындағы мейрамханалар желісі бүкіл Қазақстан бойынша 5 миллионнан астам адамға қызмет көрсетті, олар жаңартылған мәзір ассортиментін, қонақжай қызмет көрсетуді және жылы атмосфераны бағалай алды.

«Food Solutions KZ» ЖШС баспасөз қызметі

«Food Solutions KZ» компаниясы туралы

«Food Solutions KZ» компаниясы 7 жыл бойы Қазақстандағы McDonald's брендінің операторы болды. Осы уақыт ішінде компания жылдам қызмет көрсететін мейрамханалар индустриясындағы көшбасшылардың бірі бола алды. «Food Solutions KZ» ЖШС басқаруымен Қазақстанның келесі қалаларында: Алматы, Астана, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды қалаларында 24 McDonald's мейрамханасы ашылып, 7500-ге жуық адамды жұмыспен қамтыды. Компания өз қызметі кезеңінде ел бюджетіне 4,4 млрд теңгеден астам салық төледі және қайырымдылыққа 150 млн теңгеден астам қаражат аударып, қоғамға көмек көрсетуде белсенділік танытты.

Қала бойынша мейрамхана атауларының толық тізімі:

*Алматы қ.
Мен Араймын
Мен Аружанмын
Мен Әселмін
Мен Аяжанмын
Мен Аяулыммын
Мен Бекзатпын
Мен Маликамын
Мен Дианамын
Мен Динарамын
Мен Мадинамын
Мен Мәдиярмын
Мен Назеркемін
Мен Арманмын*

*Астана қ.
Мен Жұлдызбын
Мен Даниярмын
Мен Александрмын
Мен Әйгеріммін
Мен Алинамын
Мен Айданамын
Мен Әнелмін*

*Қарағанды қ.
Мен Абылайханмын*

*Ақтөбе қ.
Мен Әділетпін*

*Атырау қ.
Мен Мөлдірмін*

*Қостанай қ.
Мен Юлиямын*